

▶ ЕЛІМІЗДІҢ ЕРТЕНІ

Болашаққа нық қадам!



Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде былтырғы жастар жылында кейінгі буын өкілдеріне ерекше көңіл бөлінді. Себебі бүгінгі ұрпаққа жаңа дәуірдегі тәуелсіз мемлекетті барлық сала бойынша ілгері дамытудың бағы бұйырған.

Атырау мұнай өңдеу зауытында «Органикалық заттардың химиялық технологиясы» мамандығы бойынша білім алып жатқан жиырма студенттің 2019 жылғы мамыр айының 27-сінен маусым айының 29-ына дейін бес апта бойы өндірістік тәжірибе жинақтаудың шығыны университет бухгалтериясында бекітілген смета бойынша төленгенін айрықша атап айтқанымыз абзал.

Химия және химиялық

технология факультетіндегі физикалық химия, катализ және мұнай химиясы кафедрасының білімгерлері Бауыржан Ауғанбек, Динара Сейлханова, Нұрлан Үсенов ғылыми жұмыстарын ілгері дамытқан болатын. Олар түрлі жобаларға қатысу арқылы конференцияларда баяндама жасап, жүлделі орындарды жеңіп алды. Өндірістік тәжірибесін Ақтау қаласындағы битум өндіретін зауытта өткізген 4-курстың үздік студенті Динара Сейлханованың есімін мақтанышпен айтуға болады. Отандық танымал компанияларда өндірістік шеберлігін шыңдаған студенттер теориялық білімдерін тәжірибемен ұштастыра білді.

Физикалық химия, катализ және мұнай химиялық технология кафедрасында білім алған жылдарда студенттеріміз ғылыми ізденістерін тереңдетіп, білімін шет елдерде қосымша жетілдірді. Үсенов Нұрлан көптеген

алғыс хаттар мен сертификаттарға ие болса, Бақыт Қалмұратова мен басқа да замандастары академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша Словакияда білімін жалғастыруда. Алдағы уақытта Түркияның магистратурасында оқу жоспары бар.

Білім және ғылым министрлігінің қолдауымен және «Білімді болашақ» ЖШС-нің шақыртуы бойынша Динара Сейлханова мен бірнеше курстасы Алматы облысының Шелек пен Іле аудандарында кәсіби пән ретінде химия бойынша мектеп оқушыларына дәріс беріп, отандық білім саласын дамытуға үлес қоспақ ниетте. Кафедра меңгерушісі, х.ғ.д., профессор Е.Әубәкіров 4-курс студенттерімен жүздесуі кезінде ғылымға бет бұратын білімді студенттерді мұнай химиясы мамандығы бойынша магистранттар қатарынан көргісі келетінін жеткізді.

– Жастар жылының аяқталуымен бакалавр дәрежесінің толық теориялық курсы бітіріліп, тек диплом жұмыстарын жасауға кірісеміз, – дейді факультет түлектері. Кафедра ұжымының атынан жолың болсын жас түлек, өмірде қадамдарың нық болсын деген тілектеміз.

**Жанета
ТАШМҰХАМБЕТОВА,
Нурбуи ЖАКИРОВА,
ҚазҰУ химия және
химиялық технология
факультетінің доценттері,
Алматы қаласы**